

№47 (20 912)  
27 қараша,  
2025 жыл, бейсенбі



# Атырау

Облыстық қоғамдық-саяси газет

- Atyrau.gazeti
- atyrau\_gazeti@mail.ru
- Атырау газеті
- www.atr.kz
- «Атырау» газеті
- atyrau\_gazeti
- Atyrau\_news
- Атырау жаңалықтары

\*Индустриялық-инновациялық даму

## «Біз де КӨЛІК мiнермiз!»

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ИНДУСТРИЯЛЫҚ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ САЛАСЫНДА АЙТА ҚАЛАРЛЫҚТАЙ ЖАҢАЛЫҚ БОЛДЫ. ОҢТҮСТІККОРЕЯЛЫҚ СЕРІКТЕСПЕН БІРЛЕСІП ҚҰРЫЛҒАН ҚОСТАНАЙДАҒЫ АВТОЗАУЫПТА КІА-НЫҢ ЖАҢА МОДЕЛЬДЕРІ ДӘНЕКЕРЛЕУ, ШАНАҒЫН БОЯУ СЕКИЛДІ ҰСАҚ ТОРАПТЫ ӘДІСПЕН ҚҰРАСТЫРЫЛА БАСТАДЫ. ЗАУЫПТЫҢ РЕСМИ ІСКЕ ҚОСЫЛУЫ КЕЗІНДЕ МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ КІА КОРПОРАЦИЯСЫ АВТОМОБИЛЬ ШЫҒАРАТЫН ӨЛЕМДЕГІ 10 ІРІ КОМПАНИЯНЫҢ ҚАТАРЫНА КІРЕТІНІН, АЛ КІА ҚАЗАҚСТАН ТҰРҒЫНДАРЫ ЕҢ КӨП САТЫП АЛАТЫН ҮШ КӨЛІК МАРКАСЫНЫҢ БІРІ ЕКЕНІН АТАП АЙТҚАН ЕДІ. ҚУАНТАРЛЫҒЫ, ЕНДІ ЗАУЫПТАН ШЫҚҚАН ОТАҢДЫҚ СУ ЖАҢА «ТЕМІР ТҰЛПАРДЫ» КЕЗ-КЕЛГЕН ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТІЗГІНДЕЙ АЛАДЫ. МҮНДАЙ МҮМКІНДІКТІ АВТОЛИЗИНГТІН АРҚАСЫНДА ҚОЛ ЖЕТКІЗУГЕ БОЛАДЫ.

(Толығырақ 13-бетте)



Қолмақашы жасаған Дәурен Мұхамбеталиев

\*Жаңа цех

## Атырауда жасалған



АТЫРАУ ҚАЛАСЫНДА «НАУРЫЗОВА» ЖК ЖАРТЫЛАЙ ДАЙЫН ТАУЫҚ ЕТІН ӨНДІРЕТІН ЗАМАНАУИ ЦЕХТЫ ІСКЕ ҚОСТЫ. ДАЙЫН ӨНІМДЕРДІ -18°С ТЕМПЕРАТУРАДА БІР ЖЫЛҒА ДЕЙІН САҚТАУҒА БОЛАДЫ.

Цех тәулігіне 2-3 тонна, айына 70 тоннаға дейін өнім өндіруге қуатты. Өндіріс желісі үш қалада – Атырау, Ақтау және Оралда жұмыс істейді. Компания келесі жылдан бастап өнімін Ресей, Қырғызстан және Өзбекстанға экспорттауды жоспарлап отырғанын айтты.

– Кәсіпорын 1080 шаршы метр аумақта орналасқан және табиғи шикізатқа негізделген қауіпсіз өнім ұсынады. Ассортиментке ірімшікті және көкөністі нагеттер, стриптер, тауық котлеттері және басқа да туралған құс өнімдері кіреді. Барлығы санитариялық талаптарға сай дайындалып, үй жағдайында тез әзірленуге ыңғайлы,- деді кәсіпкер Айгүл Досымова.

Жоба «Бірыңғай кешенді бағдарлама» аясында жүзеге асырылып, Халық банкі мен «Даму» қорының қолдауымен толық іске қосылған.

Бек АЙДАРӘЛІ

\*Ауыл шаруашылығы



## «Мал қыстатуға дайынбыз!»

АТЫРАУ ОБЛЫСЫНДА 2025–2026 ЖЫЛҒЫ МАЛ ҚЫСТАТУ НАУҚАНЫНА ДАЙЫНДЫҚ АЯҚТАЛДЫ. ӨҢІРДЕ 1362 МАЛ ҚЫСТАҒЫ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ. БИЫЛ ҚЫСТАҚҚА 225 МЫҢ ІРІ ҚАРА, 564 МЫҢ ҚОЙ-ЕШКІ, 142 МЫҢ ЖЫЛҚЫ ЖӘНЕ 41 МЫҢ ТҮЙЕ ТҮСЕДІ.

Қажетті 605 мың тонна мал азығының бүгінде 608,5 мың тоннасы дайындалып, жоспар 100,6% орындалды. Мал азығы бағасын тұрақтандыру мақсатында әкімдіктер мен 46 шаруа қожалығы арасында меморандум жасалып, тұрғындарға 1 орама шөп 4500–6000 теңгеден ұсынылады. Аз қамтылған отбасыларға шөп тегін таратылады.

Қажетті 44,5 мың тонна құрама жемнің 77,3%-ы (34,4 мың тонна) сатып алынған. Қалған бөлігі жыл бойы қажеттілікке қарай жеткізіледі. Сонымен қатар «Жарат» ЖШС жыл сайын мал шаруашылығы субъектілерін 11 мың тонна кебекпен қамтамасыз етеді.

Өз тілшіміз

\*Бүгінгі күннің тақырыбына

## Жүргізушіге әріп үйреткен – айыппұл

ЖУЫРДА АТЫРАУДА БОЛҒАН ІРІ ЖОЛ-КӨЛІК ОҚИҒАЛАРЫ ЕЛДЕГІ ЖОЛ ҚАУІПСІЗДІГІ МӘСЕЛЕСІН ТАҒЫ ДА КҮН ТӨРТІБІНЕ ШЫҒАРДЫ. НАҚТЫРАҚ АЙТСАҚ, 2 ҚАРАША КҮНІ «АТЫРАУ–ОРАЛ» ТАС ЖОЛЫНЫҢ 27-ШАҒЫРЫМЫНДА «КАМАЗ» БЕН «LADA GRANTA» КӨЛІКТЕРІ СОҚТЫҒЫСЫП, ОҚИҒА ОРНЫНДА ЕКІ БАЛА КӨЗ ЖҰМДЫ. ТАҒЫ ТӨРТ ЕРЕСЕК АДАМНЫҢ ӨРТУРЛІ ЖАРАҚАТПЕН АУРУХАНАҒА ЖЕТКІЗІЛУІ ПРОБЛЕМАНЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІН КӨРСЕТІП ОТЫР. БІР АПТА ӨТПЕЙ ЖАТЫП ЕРКІНҚАЛА АУЫЛЫНДА ТАҒЫ БІР ІРІ ЖОЛ АПАТЫ ОРЫН АЛДЫ. ЕКІ ЖЕҢІЛ КӨЛІКТІ ҚАТТЫ СОҚТЫҒЫСУЫ САЛДАРЫНАН ОНЫҢ БІРЕУІ ӨРТЕНІП КЕТКЕН. ҚҰҒЫҚ ҚОРҒАУ ОРҒАНДАРЫ ЖОЛ-КӨЛІК ОҚИҒАСЫНЫҢ СЕБЕБІН ТЕКСЕРУДЕ.

(Толығырақ 3-бетте)



## «Атырау» газетіне 2026 жылға жазылу жүріп жатыр

Жазылу бағасы: (теңгемен)

6 АЙ	БАЛАМА БАҒАСЫ	
	ҚАЛА	АУДАН
ИНДЕКС	65424	15424
Жеке тұлғалар үшін	3000	
Заңды тұлғалар үшін	5700	

12 АЙ	БАЛАМА БАҒАСЫ	
	ҚАЛА	АУДАН
ИНДЕКС	65424	15424
Жеке тұлғалар үшін	6000	
Заңды тұлғалар үшін	11400	



6 АЙ	«ҚАЗПОШТА» АҚ АРҚЫЛЫ	
	ҚАЛА	АУДАН
ИНДЕКС	65424	15424
Жеке тұлғалар үшін	3656,12	3656,12
Заңды тұлғалар үшін	8067,28	6880,12

12 АЙ	«ҚАЗПОШТА» АҚ АРҚЫЛЫ	
	ҚАЛА	АУДАН
ИНДЕКС	65424	15424
Жеке тұлғалар үшін	7312,24	7312,24
Заңды тұлғалар үшін	16134,56	13760,24

Газетке жазылу «Қазпошта» АҚ-ның барлық бөлімшелерінде жүргізіледі. Барлық сұрақ бойынша өз бөлімшенізге хабарласыңыз!

